



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 23 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 9 жылғы 16 қыркүйек**

2009 жылғы 1 сәуірдегі №46 (819) «Время» газетінде «Чье чутье?» атты мақалада жазылған мәліметтердің жалғандығын ресми әшкерелеуді «Время» газетінің жариялауы туралы

2009 жылғы 16 қыркүйекте № 137 (910) «Время» газетіне 2009 жылғы 1 сәуірде «Время» газетінің №46 (819) жарияланған «Чье чутье?» атты мақалада жазылған мәліметтердің жалғандығын ресми әшкерелеу жарияланды.

2009 жылғы 1 сәуірде «Время» газетінің №46 (819) санында Алексей Коноваловтың Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның Төрағасы Г.А. Марченконың іскерлік беделіне нұқсан келтіретін «Чье чутье?» атты мақаласы жарияланғанын еске сала кетеміз.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бұл мәселені сотқа дейін реттеуге әрекет жасады және мәліметтердің жалғандығын әшкерелеп жариялауды талап етті, алайда, жалғандықты әшкерелеу жарияланған жоқ, бұдан кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі іскерлік беделін қорғау және моральдық шығынды өтеу туралы шағым талапмен сотқа өтініш берді.

2009 жылғы 30 маусымда Алматы қаласының Жетісу аудандық соты шешім шығарды және 2009 жылғы 1 сәуірде «Время» газетінің №46 (819) жарияланған Алексей Коноваловтың «Чье чутье?» атты мақаласындағы мәліметтердің шындыққа сәйкес келмейтінін және Ұлттық Банктің және оның басшысы Г.А. Марченконың беделіне нұқсан келтіретінін таныды, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтердің жалғандығын ресми әшкерелеуді жариялауға міндеттеді, сондай-ақ «Время» газетінен және мақаланың авторы А. Коноваловтан келтірілген моральдық зиянның өтемақысын өндірді.

Алматы қалалық сотында осы істі қарау кезінде «Время» газетінің апелляциялық шағым беруіне байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бұрынғыша шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтердің жалғандығын әшкерелеп жариялауды талап етті, алайда, моральдық шығын өтеуді қадалып талап еткен жоқ және осы даудың бейбіт түрде реттелуін өтінді.

2009 жылғы 15 қыркүйекте Қазақстан Ұлттық Банкі мен «Время» газетінің редакциясы арасында бітімгерлік келісім жасалды.

«Время» газетінің редакциясы ресми түрде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және оның Төрағасы Г.А. Марченкоға «Чье чутье?» мақаласында құнсыздануға байланысты ақпарат таратуға қатысты шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтердің жарияланғаны үшін шынайы кешірім сұрады.